

**"ТҰҒЫР" біліктілікті  
арттыру орталығы**

**"Центр повышения  
квалификации "ТҰҒЫР"**

**«Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың заманауи тәсілдері мен практикалық шешімдері»**

педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курсының  
**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Сағат саны: 80 ак.сағ. және 72 сағат**

**Қордай 2026**

## 1. Жалпы ережелер

Осы «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың заманауи тәсілдері мен практикалық шешімдері» тақырыбындағы педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығының талаптарын, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрық) ережелерін, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының артуы, инклюзивті білім беру қағидаттарының кеңінен енгізілуі педагогтердің кәсіби қызметіне жаңа талаптар қойып отыр. Инклюзивті ортада жұмыс жасау педагогтен тек жалпы педагогикалық білімді ғана емес, сонымен қатар баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің тиімді, икемді және практикалық шешімдерін қолдана білуін талап етеді.

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық, әлеуметтік, коммуникативтік және танымдық дамуының негізі қаланатын маңызды кезең. Осы кезеңде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау, олардың әлеуетін ашу және құрдастарымен бірлескен дамуын қамтамасыз ету инклюзивті білім берудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл міндеттерді тиімді іске асыру педагогтердің заманауи тәсілдер мен практикалық әдістерді меңгеруін қажет етеді.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттерін арттыруға, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудың заманауи тәсілдері мен практикалық шешімдерін меңгеруге бағытталған. Бағдарлама мазмұны теория мен практиканың өзара байланысын қамтамасыз ете отырып, педагогтердің күнделікті кәсіби қызметінде қолдануға болатын нақты әдістер мен құралдарды қамтиды.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың жүйелі моделін қалыптастыруға, педагогтердің кәсіби ойлауын жаңартуға және әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін ескеретін қолайлы, қауіпсіз және дамытушы білім беру ортасын құруға бағытталған.

### **Бағдарламаның өзектілігі**

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының артуы, олардың білім беру процесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі педагогтердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды күшейтіп отыр.

Мектепке дейінгі білім беру деңгейі инклюзивті білім берудің негізі қаланатын маңызды кезең болып табылады. Дәл осы кезеңде баланың тұлғалық

дамуы, әлеуметтік өзара әрекеттесуі, коммуникативтік дағдылары мен танымдық қабілеттері қалыптасады. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте кезеңнен қолдау, дамыту және әлеуметтендіру олардың кейінгі білім алу траекториясының табысты болуына тікелей әсер етеді.

Педагогикалық практика көрсетіп отырғандай, мектепке дейінгі ұйым педагогтері инклюзивті ортада жұмыс жасау барысында бірқатар қиындықтарға кездеседі. Атап айтқанда, балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу-тәрбие процесін бейімдеу, тиімді әдістер мен тәсілдерді таңдау, түзете-дамыту жұмысты ұйымдастыру, ата-аналармен және мамандармен өзара әрекеттесу мәселелері өзекті болып отыр. Бұл жағдай педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы заманауи тәсілдер мен практикалық шешімдерді меңгеру қажеттілігін айқындайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған нормативтік-құқықтық актілерінің қабылдануы мектепке дейінгі ұйымдарда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды нақтылай түсті. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын айқындаса, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің №92 бұйрығы мен 2025 жылғы 21 мамырдағы №117 бұйрығы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың мазмұнын, жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу тәртібін, педагогикалық мониторинг жүргізу және сүйемелдеу механизмдерін нақтылайды.

Аталған нормативтік құжаттар мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен инклюзивті білім беру жағдайында балаларды кешенді қолдауды ұйымдастыруда кәсіби жауапкершілікті, жүйелі тәсілді және бағдарламалық негізде жұмыс жүргізуді талап етеді. Осыған байланысты педагогтердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мазмұнын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бағалау, қолдау және сүйемелдеудің заманауи тәсілдерін меңгеруі өзекті міндеттердің біріне айналып отыр.

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің рөлі айтарлықтай кеңейеді. Педагог тек білім мен тәрбие беруші ғана емес, баланың жеке мүмкіндіктерін ескеретін, қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыратын, әр баланың әлеуетін ашуға бағытталған кәсіби маман ретінде әрекет етеді. Бұл педагогтен кәсіби икемділікті, практикалық құзыреттілікті және инновациялық ойлауды талап етеді.

Осыған байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда тек теориялық біліммен шектелмей, нақты педагогикалық жағдайларда қолдануға болатын тиімді әдістер мен практикалық шешімдерді меңгеру ерекше маңызға ие. Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы заманауи тәсілдер педагогтердің кәсіби қызметін жүйелеуге, оқу-тәрбие процесінің сапасын

арттыруға және әрбір баланың жеке даму қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттерін жетілдіруге, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудың заманауи тәсілдері мен практикалық шешімдерін меңгертуге бағытталған. Бағдарлама педагогтердің күнделікті кәсіби қызметінде қолдануға болатын әдістемелік негіз қалыптастырады және инклюзивті білім беруді тиімді іске асыруға ықпал етеді.

### **Жалпыұлттық басымдықтармен және әлемдік үрдістермен байланысы**

Ұсынылып отырған «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың заманауи тәсілдері мен практикалық шешімдері» тақырыбындағы бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарымен және инклюзивті білім беруді жетілдіруге бағытталған халықаралық үрдістермен өзара сабақтастықта әзірленді.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағыт әрбір баланың сапалы білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге, білім беру процесінде баланың жеке қажеттіліктерін ескеруге және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қоғамға толыққанды кірігуіне жағдай жасауға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған стратегиялық міндеттермен үйлеседі. Атап айтқанда, білім беру жүйесінің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсетудің тиімді тетіктерін енгізу, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін дамыту мәселелері бағдарламаның негізгі мазмұнында көрініс тапқан.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленген және мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, әлеуметтік, коммуникативтік, танымдық және эмоционалдық дамуын қолдауға бағытталған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте кезеңнен анықтау, қолдау және дамыту олардың кейінгі білім беру деңгейлерінде табысты бейімделуінің маңызды шарты болып табылады.

Сонымен қатар бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келеді. Бағдарламада психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу, педагогикалық мониторинг жүргізу, оқу-тәрбие процесін бейімдеу және мамандардың командалық өзара әрекетін ұйымдастыру мәселелері қарастырылады.

Жалпыұлттық деңгейде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім беру процесін дараландыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың тиімді моделін қалыптастыру өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге, инклюзивті ортада жұмыс істеуге қажетті практикалық білімдері мен дағдыларын дамытуға бағытталған.

Әлемдік білім беру үрдістері контекстінде бағдарлама БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарымен, БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының қағидаттарымен және ЮНЕСКО-ның инклюзивті білім беру саласындағы ұсынымдарымен үндеседі. Халықаралық тәжірибеде инклюзивті білім беру әрбір баланың құқықтарын сақтауға, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және білім беру жүйесінің барлық балалар үшін қолжетімді болуына бағытталған маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Қазіргі халықаралық тәжірибе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте анықтау, ерте қолдау көрсету, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру және ата-аналарды қолдау жүйесін күшейту мәселелеріне басымдық береді. Бағдарлама мазмұнында осы бағыттар бойынша тиімді педагогикалық технологиялар, практикалық шешімдер және заманауи қолдау тәсілдері қамтылған.

Осылайша, ұсынылып отырған бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы стратегиялық басымдықтарын іске асыруға, мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің сапасын арттыруға және халықаралық озық тәжірибелерді педагогикалық практикаға енгізуге бағытталған өзекті әрі тәжірибеге бағдарланған бағдарлама болып табылады.

## 2. Глоссарий

**Инклюзивті білім беру-** ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына толық кіріктіруді, олардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сапалы білім мен тәрбие алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін білім беру жүйесі.

**Ерекше білім беруді қажет ететін балалар (ЕБК)** – денсаулық жағдайына, психикалық, физикалық, сенсорлық немесе сөйлеу дамуының ерекшеліктеріне байланысты білім беру процесінде қосымша қолдауды қажет ететін балалар.

**Психологиялық-педагогикалық қолдау** – баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның әлеуметтенуіне, дамуына, оқыту мен тәрбиелеу процесіне табысты қатысуына бағытталған педагогикалық, психологиялық және түзете-дамыту шараларының жүйесі.

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі** – мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кешенді қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін, педагогтер мен мамандардың (психолог, логопед, дефектолог және т.б.) өзара іс-әрекетіне негізделген қызмет түрі.

**Жеке даму бағдарламасы (ЖДБ)** – баланың даму деңгейін, жеке мүмкіндіктерін және қажеттіліктерін ескере отырып әзірленетін, түзете-дамыту, оқыту және тәрбиелеу бағыттарын қамтитын жеке жоспар.

**Түзете-дамыту жұмысы** – баланың дамуындағы ауытқуларды түзетуге, оның танымдық, сөйлеу, моторлық, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған педагогикалық жұмыс.

**Сараланған тәсіл** – балалардың жеке ерекшеліктерін, даму деңгейін және білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, әдістері мен формаларын бейімдеу тәсілі.

**Жекелендірілген оқыту** – әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес жеке қолдау көрсетуге, оқу-тәрбие процесін икемдеуге бағытталған оқыту тәсілі.

**Қолжетімді білім беру ортасы** – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қауіпсіз, еркін және белсенді қатысуына жағдай жасайтын, физикалық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан бейімделген орта.

**Әлеуметтену** – баланың әлеуметтік ортаға бейімделу процесі, қарым-қатынас дағдыларын, әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін меңгеруі.

**Коммуникативтік дағдылар** – баланың қарым-қатынас жасау, өз ойын білдіру, тыңдау және әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілеттерінің жиынтығы.

**Ерте қолдау** – баланың дамуындағы ерекшеліктерді ерте кезеңде анықтауға және түзете-дамыту көмегін уақытылы көрсетуге бағытталған педагогикалық және психологиялық шаралар кешені.

**Кешенді тәсіл** – баламен жұмыс барысында педагогикалық, психологиялық, медициналық және әлеуметтік қолдау шараларын өзара байланыстыра жүзеге асыру тәсілі.

**Инклюзивті білім беру ортасы** – әртүрлі даму мүмкіндіктері бар балалардың бірлескен тәрбиесі мен оқытылуын қамтамасыз ететін, құрметке, қолдауға және теңдікке негізделген білім беру кеңістігі.

**Педагогтің инклюзивті құзыреттілігі** – педагогтің ерекше білім беруді қажет ететін балалармен тиімді жұмыс жасауға, инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруға және баланың жеке қажеттіліктерін ескеруге бағытталған кәсіби білімдері, біліктері мен дағдыларының жиынтығы.

### **3. Бағдарламаның тақырыптық бағыты**

**«Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың заманауи тәсілдері мен практикалық шешімдері»** тақырыбындағы бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың заманауи моделін меңгеруді көздейді.

Бағдарламаның тақырыптық бағыты мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың тиімді педагогикалық, психологиялық және түзете-дамыту тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Бағдарлама мазмұны балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін бейімдеу, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және педагогикалық мониторинг жүргізу мәселелерін қамтиды.

Бағдарламаның ерекшелігі – теориялық білімді практикалық құралдармен ұштастыруында. Тыңдаушылар инклюзивті білім беру жағдайында кездесетін нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, баланың даму динамикасын бағалау және кәсіби шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді.

Бағдарламаның негізгі тақырыптық бағыттарының бірі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру болып табылады. Бұл бағытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бағалау, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу, педагогикалық мониторинг жүргізу, ата-аналармен серіктестік орнату және мамандардың командалық өзара әрекетін ұйымдастыру мәселелері қарастырылады.

Бағдарлама мазмұнында сараланған және жекелендірілген оқыту тәсілдері, визуалды қолдау құралдары, құрылымдалған оқыту элементтері, ойын технологиялары, сенсорлық қолдау әдістері, коммуникацияны дамыту тәсілдері, әлеуметтік бейімдеу технологиялары және түзете-дамыту жұмысының практикалық әдістері қамтылған.

Сонымен қатар бағдарламада мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың заманауи технологиялары, оның ішінде оқу ортасын бейімдеу, қолжетімді білім беру кеңістігін ұйымдастыру, инклюзивті топтағы өзара әрекетті дамыту және баланың әлеуетін ашуға бағытталған педагогикалық стратегиялар қарастырылады.

Бағдарлама педагогтердің кәсіби ойлауын жаңартуға, инклюзивті құзыреттілігін дамытуға және практикалық қызметін жүйелеуге бағытталған. Педагог баланың дамуын қолдаушы, білім беру процесін ұйымдастырушы, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырушы және ата-анамен серіктестік орнатушы маман ретінде қарастырылады.

Осылайша, бағдарламаның тақырыптық бағыты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың ғылыми негізделген және тәжірибеге бағдарланған тәсілдерін меңгертуге, психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін жетілдіруге және мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің сапасын арттыруға бағытталған.

### **Білім беру жүйесінде баламалардың болуы/болмауын талдау**

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыруға арналған қолданыстағы білім беру бағдарламаларын талдау қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар

балалармен жұмыс істеуге бағытталған бірқатар біліктілікті арттыру курстарының бар екенін көрсетті. Алайда олардың басым бөлігі инклюзивті білім берудің жекелеген аспектілерін қарастырумен шектеледі және мектепке дейінгі ұйым жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін кешенді ұйымдастыру мәселелерін толық қамтымайды.

Қолданыстағы бағдарламалардың көпшілігі инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы сипаттамасы немесе жекелеген түзете-дамыту технологиялары бойынша теориялық білім беруге бағытталған. Сонымен қатар педагогтердің күнделікті тәжірибесінде кездесетін нақты міндеттерді шешуге арналған практикалық құралдар, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру алгоритмдері және командалық өзара әрекет тетіктері жеткілікті деңгейде қарастырылмайды.

Талдау нәтижелері мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін келесі бағыттар бойынша практикалық мазмұндағы бағдарламалардың тапшылығын көрсетті:

– психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырудың кезеңдері мен алгоритмдері;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық бағалау және мониторинг жүргізу тәсілдері;

– жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тетіктері;

– тәрбиеші, логопед, дефектолог, психолог және ата-аналардың командалық өзара әрекетін ұйымдастыру жолдары;

– ұйымдастырылған оқу қызметін, ойын әрекетін және режимдік сәттерді бейімдеу технологиялары;

– оқу ортасын бейімдеу және қолжетімді білім беру кеңістігін қалыптастыру тәсілдері;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму динамикасын бағалау және нәтижелілікті мониторингтеу құралдары.

Сонымен қатар қолданыстағы бағдарламаларда педагогтердің кәсіби рефлексиясын дамыту, инклюзивті тәжірибеде туындайтын күрделі жағдаяттарды талдау, кәсіби шешім қабылдау және кәсіби дамудың жеке траекториясын жоспарлау мәселелері жеткілікті деңгейде қамтылмайды.

Ұсынылып отырған бағдарлама аталған олқылықтарды толықтыруға бағытталған. Бағдарламаның ерекшелігі – психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бағалау, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу, педагогикалық мониторинг жүргізу, оқу-тәрбие процесін бейімдеу және мамандардың командалық өзара әрекетін біртұтас жүйе ретінде қарастыруында.

Бағдарлама мазмұны нормативтік-құқықтық талаптарды, ғылыми негізделген тәсілдерді және мектепке дейінгі ұйымдардың нақты тәжірибесінде қолдануға болатын практикалық шешімдерді біріктіреді. Тыңдаушылар нақты кейстермен жұмыс істеп, инклюзивті білім беру жағдайында туындайтын кәсіби мәселелерді шешу дағдыларын меңгереді.

Осылайша, ұсынылып отырған бағдарлама қолданыстағы біліктілікті арттыру курстарын қайталамайды, керісінше оларды толықтырады және кеңейтеді. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби қызметін жетілдіруге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау сапасын арттыруға және психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған заманауи әрі тәжірибеге бағдарланған модель болып табылады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

**Бағдарламаның мақсаты** – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттерін арттыру, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудың заманауи тәсілдері мен практикалық шешімдерін меңгерту арқылы инклюзивті білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау.

Бағдарлама педагогтердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, түзете-дамыту жұмысты ұйымдастыру және қолайлы инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру қабілеттерін дамытуға бағытталған.

#### **Бағдарламаның міндеттері**

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу көзделеді:

- мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерін және заманауи талаптарын педагогтердің кәсіби қызметінде қолдану біліктерін қалыптастыру;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін, білім беру қажеттіліктерін және қолдау түрлерін ескере отырып жұмыс жүргізудің ғылыми-әдістемелік негіздерін меңгерту;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырудың қағидалары мен мазмұнын, оның ішінде жеке даму бағдарламалары негізінде жұмыс жүргізу тәсілдерін игерту;
- инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін бейімдеудің, сараланған және жекелендірілген оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін меңгерту;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмысты ұйымдастырудың практикалық құралдарын қалыптастыру;
- педагогтердің ата-аналармен және мамандармен (психолог, логопед, дефектолог және т.б.) тиімді өзара іс-әрекет жасау дағдыларын дамыту;
- инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруда педагогтің кәсіби рөлін кеңейту және инклюзивті құзыреттілігін дамыту.

#### **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері**

**Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде мектепке дейінгі ұйым педагогтері төмендегідей оқу нәтижелеріне қол жеткізеді:**

**Біледі:**

- мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарын, нормативтік-құқықтық талаптарын және даму бағыттарын;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін және психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұнын;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырудың қағидалары мен құрылымын;
- оқу-тәрбие процесін бейімдеудің, сараланған және жекелендірілген оқытудың заманауи тәсілдерін;
- түзете-дамыту жұмыстың негізгі бағыттары мен әдістерін.

**Істей алады:**

- ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда заманауи педагогикалық тәсілдер мен практикалық шешімдерді қолдану;
- жеке даму бағдарламалары негізінде оқу-тәрбие және түзете-дамыту жұмыстарын жоспарлау және іске асыру;
- инклюзивті білім беру жағдайында оқу ортасын бейімдеу және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру;
- балалардың даму динамикасын бақылау, талдау және педагогикалық шешімдер қабылдау;
- ата-аналармен және мамандармен кәсіби серіктестік негізінде өзара іс-әрекет ұйымдастыру.

**Меңгереді:**

- инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қызметті жүйелі ұйымдастыру дағдыларын;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдаудың практикалық әдістері мен құралдарын;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында кешенді жұмыс жүргізу тәсілдерін;
- инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру және қолдау бойынша кәсіби дағдыларды.

**5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Тыңдаушыларда курс мақсатына сәйкес кәсіби білімдерді, құзыреттерді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында бағдарламаның мазмұны 6 модульді меңгеруді көздейді.

<b>1-модуль. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің нормативтік және әдіснамалық негіздері</b>	
<b>Модульдің мақсаты</b>	<b>Модульдің міндеттері</b>
Модульдің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық және	Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді: мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беруді реттейтін негізгі

<p>әдіснамалық негіздері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда қолданыстағы талаптарды кәсіби қызметте қолдану қабілетін дамыту.</p> <p>Модуль педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби жауапкершілігін арттыруға, инклюзивті ортада жұмыс жүргізудің қағидаттарын саналы түрде түсінуге және мектепке дейінгі ұйым жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін меңгеруге бағытталған.</p>	<p>нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын ашу;</p> <p>инклюзивті білім берудің әдіснамалық негіздерін, қағидаттары мен ұстанымдарын түсіндіру;</p> <p>ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда педагогтің кәсіби рөлін және жауапкершілігін айқындау;</p> <p>психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды талдау;</p> <p>мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың жүйелі моделін қалыптастыру;</p> <p>педагогтердің нормативтік құжаттарды практикалық қызметте қолдану дағдыларын дамыту.</p>
	<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b></p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <p>Біледі:</p> <p>мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерін;</p> <p>инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттары мен әдіснамалық ұстанымдарын;</p> <p>ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мазмұнын;</p> <p>педагогтің инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби рөлін.</p> <p>Істей алады:</p> <p>нормативтік-құқықтық талаптарды мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесінде қолдану;</p> <p>инклюзивті білім беру қағидаттарын кәсіби қызметінде ескере отырып жұмыс ұйымдастыру;</p> <p>ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс барысында өз әрекеттерін нормативтік талаптармен сәйкестендіру;</p>

	<p>психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттарын кәсіби қызметте пайдалану.</p> <p>Меңгереді:  инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың нормативтік негіздеріне сүйене отырып жұмыс жүргізу дағдыларын;  педагогикалық қызметті құқықтық және әдіснамалық тұрғыда негіздеу тәсілдерін;  инклюзивті білім беру саласында кәсіби шешім қабылдау дағдыларын.</p>
<p><b>Модульдің сипаттамасы</b></p> <p>Аталған модуль кіріспелік және бағыттаушы сипатқа ие және мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде инклюзивті білім берудің нормативтік және әдіснамалық негіздері туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағытталған. Модуль аясында инклюзивті білім беруді реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар, мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің қағидаттары және педагогтің кәсіби қызметіндегі жауапкершілік мәселелері қарастырылады. Ерекше назар ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасауда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптарға, педагогтердің инклюзивті ортадағы кәсіби рөлін түсінуге және нормативтік талаптарды практикалық қызметке енгізу жолдарына аударылады. Модульді меңгеру бағдарламаның келесі модульдері үшін әдіснамалық негіз қалыптастырады және мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беруді жүйелі, саналы және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.</p>	
<p><b>2-модуль. Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері</b></p>	
<p><b>Модульдің мақсаты</b></p> <p>Модульдің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері туралы терең әрі жүйелі түсінік қалыптастыру, олардың дамуын жас ерекшелік нормаларымен салыстырмалы түрде талдау, даму динамикасын бағалау және педагогикалық диагностикалау негізінде кәсіби шешім қабылдау қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Модульдің міндеттері</b></p> <p>Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:  мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін жас нормалары контекстінде талдау;  ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуын типтік даму көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде қарастыру;  баланың танымдық, сөйлеу, моторлық, әлеуметтік-эмоциялық дамуының ерекшеліктерін сипаттау;  баланың даму динамикасын бағалаудың педагогикалық тәсілдерін меңгерту;</p>

<p>Модуль педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуындағы айырмашылықтарды типтік дамуымен салыстыра отырып түсінуіне, баланың жеке даму траекториясын көруге және инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қолдауды тиімді ұйымдастыруына бағытталған.</p>	<p>педагогикалық диагностикалау және мониторинг жүргізудің негізгі әдістерін түсіндіру; педагогикалық бақылау нәтижелерін талдау және оларды кәсіби шешім қабылдауда қолдану дағдыларын қалыптастыру; баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық қолдау бағыттарын айқындау.</p>
	<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b> Модульді аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтері: Біледі: мектеп жасына дейінгі балалардың типтік даму ерекшеліктерін; ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуындағы негізгі айырмашылықтарды; жас нормаларына сәйкес салыстырмалы талдау жүргізу қағидаттарын; даму динамикасын бағалау және педагогикалық диагностикалау тәсілдерін. Істей алады: баланың даму ерекшеліктерін жас нормаларымен салыстырмалы түрде талдау; баланың даму динамикасын педагогикалық бақылау негізінде бағалау; педагогикалық диагностикалау және мониторинг жүргізу; алынған мәліметтерге сүйене отырып педагогикалық шешімдер қабылдау; баланың жеке даму қажеттіліктерін анықтауға қатысу. Меңгереді: педагогикалық диагностикалау және бақылау дағдыларын; баланың даму динамикасын жүйелі түрде бағалау тәсілдерін; типтік даму мен ерекше дамуды салыстырмалы талдау негізінде кәсіби пайым жасау дағдыларын; инклюзивті білім беру жағдайында баланы қолдауға бағытталған кәсіби көзқарасты.</p>
<p><b>Модульдің сипаттамасы</b></p>	

Аталған модуль мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін типтік дамуымен салыстыра отырып терең түсінуге бағытталған. Модуль аясында баланың даму салалары, жас ерекшелік нормалары, дамуындағы ауытқулар мен олардың педагогикалық мәні қарастырылады.

Ерекше назар баланың даму динамикасын бағалауға, педагогикалық диагностикалау мен мониторинг жүргізуге, сондай-ақ алынған нәтижелерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында қолдануға аударылады. Модуль педагогтердің баланың дамуындағы өзгерістерді байқай алуына, кәсіби түрде талдауына және келесі модульдерде қарастырылатын жеке даму бағдарламалары мен түзете-дамыту жұмысты жоспарлауға негіз қалайды.

### **3-модуль. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру**

#### **Модульдің мақсаты**

Модульдің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға

психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін мектепке дейінгі ұйым жағдайында жүйелі және тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру, ППҚҚ аясында жүргізілетін жұмысты жоспарлау, іске асыру және бағалау қабілеттерін дамыту.

Модуль педагогтердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің нақты құрылымын түсінуіне, баламен және отбасымен жұмыс жүргізудің практикалық тетіктерін меңгеруіне бағытталған.

#### **Модульдің міндеттері**

Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:

мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрылымын және жұмыс алгоритмін айқындау;

ППҚҚ аясында жүргізілетін негізгі құжаттардың (бұйрықтар, жоспарлар, ЖДБ, мониторинг материалдары) практикалық маңызын түсіндіру;

баланы педагогикалық бағалау және бақылау нәтижелері негізінде қолдау жұмысын жоспарлау;

жеке даму бағдарламалары (ЖДБ) негізінде баламен жүйелі жұмыс ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту;

педагог, психолог, логопед, дефектолог, педагог-ассистент арасындағы командалық өзара әрекетті ұйымдастыру;

баланың даму динамикасын бақылау және бағалау нәтижелерін практикалық қызметте қолдану;

ата-аналармен

психологиялық-педагогикалық қолдау аясында тиімді серіктестік орнату.

#### **Модульдің күтілетін нәтижелері**

Модульді аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтері:

Біледі:

	<p>психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрылымын және жұмыс логикасын;</p> <p>ППҚҚ аясында жүргізілетін негізгі құжаттардың мазмұнын;</p> <p>жеке даму бағдарламалары негізінде жұмыс жүргізудің кезеңдерін;</p> <p>даму динамикасын бағалау тәсілдерін.</p> <p>Істей алады:</p> <p>психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін практикалық тұрғыда ұйымдастыру;</p> <p>баламен жұмысқа арналған құжаттарды жүйелеу;</p> <p>ЖДБ негізінде түзете-дамыту және қолдау жұмысын жоспарлау;</p> <p>мамандармен және ата-аналармен бірлескен әрекет ұйымдастыру;</p> <p>даму динамикасына сүйене отырып педагогикалық шешім қабылдау.</p> <p>Меңгереді:</p> <p>ППҚҚ қызметін жүйелі жүргізу дағдыларын;</p> <p>командалық жұмыс және кәсіби коммуникация дағдыларын;</p> <p>баланың дамуындағы өзгерістерді бағалау және қолдау бағытын түзету дағдыларын.</p>
<p><b>Модульдің сипаттамасы</b></p> <p>Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін нақты ұйымдастыруға арналған практикалық модуль болып табылады. Модуль барысында ППҚҚ қызметінің құрылымы, жұмыс кезеңдері, құжаттамасы және мамандардың өзара әрекеті қарастырылады.</p> <p>Ерекше назар баланы педагогикалық бағалау нәтижелері негізінде түзете дамыту, жеке даму бағдарламасын әзірлеуге, даму динамикасын бақылауға және қолдау шараларын түзетуге аударылады. Модуль педагогтердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін күнделікті кәсіби практикада сенімді және жүйелі түрде ұйымдастыруына мүмкіндік береді.</p>	
<p><b>4-модуль. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті оқу-тәрбие процесін бейімдеу</b></p>	
<p><b>Модульдің мақсаты</b></p> <p>Модульдің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін</p>	<p><b>Модульдің міндеттері</b></p> <p>Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:</p>

<p>ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке даму ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Модуль педагогтердің күнделікті оқу-тәрбие қызметін (ұйымдастырылған оқу қызметі, ойын, режимдік сәттер, еркін іс-әрекет) инклюзивті тәсілдер негізінде жоспарлауына және іске асыруына бағытталған.</p>	<p>мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті оқу-тәрбие процесінің құрылымын және ерекшеліктерін түсіндіру; ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу-тәрбие мазмұнын бейімдеу тәсілдерін меңгерту; ұйымдастырылған оқу қызметін (ҰОҚ) жекелендіру және саралау жолдарын көрсету; ойын, күн тәртібі және режимдік сәттерді инклюзивті орта талаптарына сай бейімдеу; оқу ортасын (кеңістік, материалдар, визуалды қолдау) бейімдеудің практикалық тәсілдерін меңгерту; инклюзивті топта балалар арасындағы оң әлеуметтік өзара әрекетті қалыптастыру әдістерін қарастыру; оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық қолдауды жоспарлау және іске асыру дағдыларын дамыту.</p>
	<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b></p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтері:</p> <p>Біледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>инклюзивті оқу-тәрбие процесінің негізгі қағидаттарын;</li> <li>оқу-тәрбие мазмұнын бейімдеудің тәсілдері мен формаларын;</li> <li>ұйымдастырылған оқу қызметін саралау және жекелендіру жолдарын;</li> <li>инклюзивті ортада ойын мен режимдік сәттердің рөлін.</li> </ul> <p>Істей алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>ерекше білім беруді қажет ететін балаларға бейімделген оқу-тәрбие процесін жоспарлау;</li> <li>ҰОҚ барысында тапсырмаларды саралап ұсыну;</li> <li>ойын және күнделікті іс-әрекеттерді инклюзивті форматта ұйымдастыру;</li> <li>оқу ортасын баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу;</li> <li>балалар арасындағы позитивті қарым-қатынасты қолдау.</li> </ul>

	<p>Меңгереді:  инклюзивті оқу-тәрбие процесін бейімдеу дағдыларын;  жекелендірілген және сараланған оқытуды практикада қолдану тәсілдерін;  инклюзивті топта педагогикалық қолдау көрсету дағдыларын;  оқу-тәрбие процесін баланың даму динамикасына сәйкес түзету дағдыларын.</p>
<p><b>Модульдің сипаттамасы</b></p> <p>Аталған модуль мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті оқу-тәрбие процесін бейімдеуге арналған практикалық модуль болып табылады. Модуль аясында педагогтің күнделікті қызметінде жүзеге асатын оқу-тәрбие жұмысының барлық негізгі компоненттері (ұйымдастырылған оқу қызметі, ойын, режимдік сәттер, еркін іс-әрекет) инклюзивті тәсілдер негізінде қарастырылады.</p> <p>Ерекше назар оқу ортасын бейімдеуге, тапсырмаларды саралауға, балалардың жеке мүмкіндіктерін ескеруге және инклюзивті топта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға аударылады. Модуль педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін икемді, баланың қажеттіліктеріне бағытталған және тиімді ұйымдастыруына мүмкіндік береді.</p>	
<p><b>5-модуль. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмыстың тиімді әдістері</b></p>	
<p><b>Модульдің мақсаты</b></p> <p>Модульдің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмысын тиімді ұйымдастыруға арналған практикалық әдістер мен тәсілдерді меңгерту, баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес түзету бағыттарын дұрыс таңдауға үйрету.</p> <p>Модуль педагогтердің түзете-дамыту жұмысын оқу-тәрбие процесімен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен кіріктіре отырып жүргізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p>	<p><b>Модульдің міндеттері</b></p> <p>мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмыстың мақсаттары мен негізгі бағыттарын айқындау;  баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес түзете-дамыту жұмыстың мазмұнын жоспарлау тәсілдерін меңгерту;  сөйлеу, танымдық, моторлық және әлеуметтік-эмоциялық дамуды қолдауға бағытталған түзете-дамыту әдістерін қарастыру;  ойын технологияларын түзете-дамыту жұмысында тиімді қолдану жолдарын көрсету;  сенсорлық, қозғалыс және коммуникациялық бағыттағы жаттығуларды қолдану тәсілдерін меңгерту;</p>

	<p>түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін бағалау және даму динамикасына сәйкес түзету енгізу дағдыларын дамыту; түзете-дамыту жұмысын ЖДБ және ППҚҚ аясында жүйелі түрде ұйымдастыру.</p> <p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b> Модульді аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтері: Біледі: түзете-дамыту жұмыстың негізгі бағыттарын және олардың мазмұнын; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізуде қолданылатын негізгі әдістерді; ойын, сенсорлық және қозғалыс технологияларының түзете-дамытудағы рөлін; түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін бағалау қағидаттарын. Істей алады: баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес түзете-дамыту жұмысын жоспарлау; түзете-дамыту сабақтарын (жеке, кіші топтық, топтық) ұйымдастыру; ойын және практикалық жаттығуларды түзете-дамыту мақсатында қолдану; түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін бақылау және талдау; даму динамикасына сәйкес түзету жұмыстарын өзгерту. Меңгереді: түзете-дамыту жұмысты жүйелі ұйымдастыру дағдыларын; баланың даму салаларын қолдауға бағытталған практикалық әдістерді қолдану дағдыларын; түзете-дамыту жұмысын оқу-тәрбие процесімен кіріктіру тәсілдерін; баланың жеке даму траекториясын қолдауға бағытталған кәсіби әрекеттерді.</p>
<p><b>Модульдің сипаттамасы</b> Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмысты тікелей іске асыруға арналған практикалық</p>	

модуль болып табылады. Модуль барысында түзете-дамыту жұмыстың негізгі бағыттары (сөйлеу, танымдық, моторлық, әлеуметтік-эмоциялық даму) нақты әдістер мен жаттығулар арқылы қарастырылады.

Ерекше назар ойын технологияларын, сенсорлық және қозғалыс белсенділігін, коммуникацияны дамытуға бағытталған әдістерді қолдануға аударылады. Модуль педагогтердің түзете-дамыту жұмысын баланың даму динамикасына сәйкес икемді түрде ұйымдастыруына және 6-модульде қарастырылатын практикалық кейстер мен кәсіби шешімдерге дайын болуына негіз қалайды.

**6-модуль. Инклюзивті білім берудегі практикалық шешімдер және педагогтің кәсіби дамуы**

**Модульдің мақсаты**

Модульдің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде инклюзивті білім беру жағдайында туындайтын практикалық педагогикалық жағдаяттарды талдау, тиімді шешімдер қабылдау және кәсіби қызметті рефлексиялау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ педагогтің кәсіби дамуын саналы түрде жоспарлау қабілетін дамыту.

Модуль педагогтердің инклюзивті ортада жұмыс істеу тәжірибесін жинақтауға, кәсіби сенімділігін арттыруға және үздіксіз кәсіби даму бағытын айқындауға бағытталған.

**Модульдің міндеттері**

Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді: инклюзивті білім беру жағдайында кездесетін типтік педагогикалық жағдаяттарды талдау; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс барысында туындайтын қиындықтарды анықтау және оларды шешудің практикалық жолдарын қарастыру; психологиялық-педагогикалық қолдау, оқу-тәрбие процесін бейімдеу және түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін кешенді талдау; нақты педагогикалық кейстер негізінде кәсіби шешім қабылдау дағдыларын дамыту; педагогтің кәсіби рефлексиясын ұйымдастыру және өзін-өзі бағалау тәсілдерін меңгерту; инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби дамуды жоспарлау жолдарын көрсету; педагогтің эмоционалдық күйін сақтау және кәсіби күйіп кетудің алдын алу тәсілдерін қарастыру.

**Модульдің күтілетін нәтижелері**

Модульді аяқтағаннан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтері:

Біледі:

инклюзивті білім беру жағдайында туындайтын негізгі педагогикалық жағдаяттарды;

практикалық кейстерді талдау және шешім қабылдау алгоритмдерін;

педагогикалық рефлексияның маңызын және оны ұйымдастыру тәсілдерін;

	<p>кәсіби дамуды жоспарлау қағидаттарын.          Істей алады:          инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогикалық мәселелерді талдау;          нақты жағдайларға сәйкес тиімді педагогикалық шешімдер қабылдау;          өз кәсіби қызметін рефлексиялау және бағалау;          психологиялық-педагогикалық қолдау, оқу-тәрбие процесін бейімдеу және түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін кешенді бағалау;          кәсіби дамудың жеке жоспарын құру.          Меңгереді:          практикалық кейстермен жұмыс істеу дағдыларын;          кәсіби рефлексия және өзін-өзі дамыту дағдыларын;          инклюзивті білім беру саласында кәсіби сенімді әрекет ету дағдыларын;          эмоционалдық тұрақтылықты сақтау және кәсіби күйіп кетудің алдын алу тәсілдерін.</p>
--	--

**Модульдің сипаттамасы**

Бұл модуль курстың қорытынды, жинақтаушы модулі болып табылады және мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру саласындағы практикалық тәжірибесін жүйелеуге бағытталған. Модуль барысында педагогтердің күнделікті кәсіби қызметінде кездесетін нақты педагогикалық жағдаяттар мен кейстер қарастырылады.

Ерекше назар психологиялық-педагогикалық қолдау, оқу-тәрбие процесін бейімдеу және түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін біріктіре талдауға, кәсіби рефлексия жүргізуге және педагогтің әрі қарайғы кәсіби дамуын жоспарлауға аударылады. Модуль педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында сенімді, жауапты және кәсіби тұрғыда әрекет етуіне мүмкіндік береді.

**80 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспар**

№	Сабактың тақырыптары	Теория	Практика	Өзіндік жұмыс	Барлығы
1	<b>1-модуль. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің нормативтік және әдіснамалық негіздері</b>				<b>10</b>
1.1	Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің	1	1	1	3

	мемлекеттік саясаты мен негізгі қағидағтары				
1.2	Инклюзивті білім берудің әдіснамалық негіздері және педагогтің кәсіби рөлі	1	1	1	3
1.3	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауда педагогтің кәсіби жауапкершілігі	1	1	1	3
1.4	Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру моделінің құрылымы	1	0	0	1
<b>2</b>	<b>2-модуль. Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері</b>				<b>12</b>
2.1	Мектеп жасына дейінгі балалардың типтік даму ерекшеліктері	1	1	1	3
2.2	Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері	1	1	1	3
2.3	Типтік даму мен бұзылыс түрлерін салыстырмалы талдау	1	1	1	3
2.4	Даму динамикасын педагогикалық бағалау және мониторинг	1	1	1	3
<b>3</b>	<b>3-модуль. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру</b>				<b>16</b>
3.1	ППҚҚ қызметінің құрылымы және жұмыс алгоритмі	1	1	1	3
3.2	ППҚҚ аясындағы құжаттама: жоспарлау және ұйымдастыру	1	1	1	3
3.3	Жеке даму бағдарламасы (ЖДБ): құрылымы және әзірлеу алгоритмі	1	2	1	4
3.4	ППҚҚ шеңберінде педагогикалық мониторинг	1	1	1	3

	және даму динамикасын бағалау				
3.5	ППҚҚ аясында ата-аналармен серіктестік жұмыс	1	1	1	3
<b>4</b>	<b>4-модуль. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті оқу-тәрбие процесін бейімдеу</b>				<b>16</b>
4.1	Инклюзивті оқу-тәрбие процесінің құрылымы және мазмұны	1	1	1	3
4.2	Ұйымдастырылған оқу қызметін (ҰОҚ) бейімдеу және саралау	1	1	1	3
4.3	Ойын және режимдік сәттерді инклюзивті ортада ұйымдастыру	1	1	1	3
4.4	Оқу ортасын бейімдеу: кеңістік, материалдар, визуалды қолдау	1	2	1	4
4.5	Инклюзивті топта әлеуметтік өзара әрекетті қолдау	1	1	1	3
<b>5</b>	<b>5-модуль. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмыстың тиімді әдістері</b>				<b>16</b>
5.1	Түзете-дамыту жұмыстың негізгі бағыттары	1	1	1	3
5.2	Сөйлеу және коммуникацияны дамытуға бағытталған әдістер	1	2	1	4
5.3	Сенсорлық және моторлық дамуды қолдау әдістері	1	2	1	4
5.4	Ойын технологиялары арқылы түзете-дамыту жұмысты ұйымдастыру	1	1	1	3
5.5	Түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін бағалау және түзету	1	1	1	3
<b>6</b>	<b>6-модуль. Инклюзивті білім берудегі практикалық шешімдер және педагогтің кәсіби дамуы</b>				<b>10</b>

6.1	Инклюзивті практикадағы типтік педагогикалық жағдаяттар	1	1	1	3
6.2	Педагогикалық кейстерді талдау және шешім қабылдау	1	1	1	3
6.3	Педагогтің кәсіби рефлексиясы және өзін-өзі дамыту	1	1	1	3
6.4	Курс бойынша қорытынды рефлексия және тәжірибені жинақтау	1	0	0	1
	<b>Барлығы</b>				<b>80</b>

**72 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспар**

№	Сабактың тақырыптары	Теория	Практика	Өзіндік жұмыс	Барлығы
	<b>1-модуль. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің нормативтік және әдіснамалық негіздері</b>				<b>8</b>
1.1	Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің мемлекеттік саясаты мен негізгі қағидаттары	1	1	1	3
1.2	Инклюзивті білім берудің әдіснамалық негіздері және педагогтің кәсіби рөлі	1	1	1	3
1.3	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауда педагогтің кәсіби жауапкершілігі	1	1	0	2
	<b>2-модуль. Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері</b>				<b>10</b>

2.1	Мектеп жасына дейінгі балалардың типтік даму ерекшеліктері	1	1	1	3
2.2	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері	1	1	1	3
2.3	Типтік даму мен бұзылыс түрлерін салыстырмалы талдау	1	1	1	3
2.4	Даму динамикасын педагогикалық бағалау және мониторинг	1	0	0	1
	<b>3-модуль. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру</b>				<b>14</b>
3.1	ППҚҚ қызметінің құрылымы және жұмыс алгоритмі	1	1	1	3
3.2	ППҚҚ аясындағы құжаттама: жоспарлау және ұйымдастыру	1	1	1	3
3.3	Жеке даму бағдарламасы (ЖДБ): құрылымы және әзірлеу алгоритмі	1	2	1	4
3.4	ППҚҚ шеңберінде педагогикалық мониторинг және даму динамикасын бағалау	1	1	0	2
3.5	ППҚҚ аясында ата-аналармен серіктестік жұмыс	1	1	1	3
	<b>4-модуль. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті оқу-тәрбие процесін бейімдеу</b>				<b>14</b>
4.1	Инклюзивті оқу-тәрбие процесінің құрылымы және мазмұны	1	1	1	3
4.2	Ұйымдастырылған оқу қызметін (ҰОҚ) бейімдеу және саралау	1	1	1	3
4.3	Ойын және режимдік сәттерді инклюзивті ортада ұйымдастыру	1	1	1	3

4.4	Оқу ортасын бейімдеу: кеңістік, материалдар, визуалды қолдау	1	2	1	4
4.5	Инклюзивті топта әлеуметтік өзара әрекетті қолдау	1	0	0	1
	<b>5-модуль. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзете-дамыту жұмыстың тиімді әдістері</b>				<b>14</b>
5.1	Түзете-дамыту жұмыстың негізгі бағыттары	1	1	1	3
5.2	Сөйлеу және коммуникацияны дамытуға бағытталған әдістер	1	2	1	4
5.3	Сенсорлық және моторлық дамуды қолдау әдістері	1	2	1	4
5.4	Ойын технологиялары арқылы түзете-дамыту жұмысты ұйымдастыру	1	1	1	3
	<b>6-модуль. Инклюзивті білім берудегі практикалық шешімдер және педагогтің кәсіби дамуы</b>				<b>12</b>
6.1	Инклюзивті практикадағы типтік педагогикалық жағдаяттар	1	1	1	3
6.2	Педагогикалық кейстерді талдау және шешім қабылдау	1	2	1	4
6.3	Педагогтің кәсіби рефлексиясы және өзін-өзі дамыту	1	1	1	3
6.4	Курс бойынша қорытынды рефлексия және тәжірибені жинақтау	1	1	0	2
	<b>Барлығы</b>	<b>27</b>	<b>30</b>	<b>15</b>	<b>72</b>

## 6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Білім беру бағдарламасы «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім беру: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың заманауи тәсілдері мен практикалық шешімдері» тақырыбы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары аясында жүзеге асырылады және педагогтердің үздіксіз кәсіби даму қағидағтарын ескере отырып, теориялық және практикалық компоненттердің үйлесімін көздейді.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттерін жетілдіруге, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін тиімді ұйымдастыруға, оқу-тәрбие процесін бейімдеуге, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдаудың заманауи тәсілдерін практикада қолдануға бағытталған.

#### Оқыту форматы мен режимі

Бағдарлама білім беру ұйымының техникалық мүмкіндіктеріне және тыңдаушылардың сұранысына байланысты келесі форматтарда жүзеге асырылады:

- күндізгі (аудиториялық) формат;
- цифрлық білім беру ресурстары мен платформаларын қолдана отырып қашықтан оқыту форматы;
- аралас (гибридті) оқыту форматы.

Бағдарлама көлемі 80 академиялық сағат болған жағдайда, оқу ұзақтығы 10 оқу күнін құрайды (күніне 8 академиялық сағаттан).

Бағдарлама көлемі 72 академиялық сағатты құрайды. Курстың оқу ұзақтығы – 9 оқу күні. Оқу жүктемесі күніне 8 академиялық сағат көлемінде ұйымдастырылады.

#### Тыңдаушылар санаты

Біліктілікті арттыру бағдарламасы төмендегі педагогтерге арналған:

- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне;
- логопедтерге, дефектологтерге, педагог-психологтерге;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізетін педагогтерге;
- инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыруға қатысатын мамандарға;
- инклюзивті ортада оқу-тәрбие процесін бейімдеуге және кәсіби құзыреттерін арттыруға мүдделі педагогтерге;
- әдістемелік қолдауға мұқтаж жас мамандарға.

Бағдарлама кәсіби өсуге, практикалық құралдарын жетілдіруге және инклюзивті білім беру сапасын арттыруға бағытталған мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған.

#### Оқыту нысандары

Бағдарлама аралас оқыту нысанында жүзеге асырылады және төмендегі қызмет түрлерін қамтиды.

#### Күндізгі (аудиториялық) сабақтар

- дәрістер;
- практикалық сабақтар;
- семинарлар;
- тренингтер;
- мастер-класстар;
- топтық және жобалық жұмыс;
- педагогикалық жағдаяттарды талдау;

ППҚҚ құжаттарымен жұмысқа арналған практикумдар.

Қашықтан оқыту сабақтары

- вебинарлар;
- онлайн-консультациялар;
- цифрлық білім беру ресурстарымен жұмыс;
- бейнематериалдар мен интерактивті тапсырмалар;
- электрондық білім беру ортасында практикалық жұмыстарды орындау.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы

жеке және топтық тапсырмаларды орындау;  
жеке даму бағдарламаларының (ЖДБ) жобаларын әзірлеу;  
оқу-тәрбие процесін бейімдеуге арналған материалдар дайындау;  
шағын практикалық жобалар мен кәсіби портфолио құрастыру.

Қорытынды аттестаттау

Қорытынды аттестаттау тыңдаушылардың инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін бағалауға бағытталған және келесі нысандарда өткізіледі:

Қорытынды жобаны қорғау

Тыңдаушы әзірлеген жеке немесе топтық практикалық жобаны таныстыру (жеке даму бағдарламасы, ППҚҚ құжаттары пакеті, оқу-тәрбие процесін бейімдеу үлгілері, түзете-дамыту жұмыс жоспары және т.б.).

Педагогикалық тәжірибені таныстыру

Инклюзивті білім беру жағдайында қолданылған әдістердің, психологиялық-педагогикалық қолдау шараларының және түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін ұсыну.

Қорытынды тестілеу

Оқу барысында меңгерілген теориялық және практикалық білімдерді тексеру (курс ұйымдастырушыларының шешімі бойынша).

Қолданылатын білім беру технологиялары мен оқыту әдістері

Интерактивті оқыту нысандары

- пікірталас-семинарлар;
- топтық талқылаулар;
- практикалық мастер-кластар мен воркшоптар;
- педагогикалық кейстерді талдау.

Практикаға бағдарланған тәсіл

- ППҚҚ құжаттарымен жұмыс;
- жеке даму бағдарламаларын әзірлеу;
- нақты педагогикалық жағдаяттарды шешу.

Цифрлық білім беру ортасы

- бейнематериалдар мен онлайн-платформалар;
- интерактивті тапсырмалар;
- цифрлық құралдар арқылы мониторинг жүргізу.

Кейс-әдіс және жағдаяттық талдау инклюзивті топтағы типтік қиындықтарды талдау;

тиімді педагогикалық шешімдерді іздеу.  
 Рефлексия және өзін-өзі бағалау  
 кәсіби қызметті талдау;  
 қолданылған әдістердің тиімділігін бағалау;  
 әрі қарайғы кәсіби дамудың бағыттарын айқындау.  
 Қорытынды сипаттама

Аталған оқыту нысандарының, әдістері мен технологияларының қолданылуы бағдарламаның практикаға бағдарланған сипатын, тыңдаушылардың белсенді қатысуын және оқу материалын саналы меңгеруін қамтамасыз етеді. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің инклюзивті білім беру саласындағы тұрақты кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тиімді қолдауға бағытталған.

### 7. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

<p>Дидактикалық тәсіл</p>	<p>Бағдарламаның дидактикалық тәсілі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде инклюзивті білім беру жағдайында заманауи педагогикалық, әдістемелік және цифрлық құзыреттерді қалыптастыруға және дамытуға практикаға бағдарланған оқыту арқылы бағытталған. Бағдарлама іс-әрекеттік, құзыреттілікке негізделген және интерактивті тәсілдер қағидаттарына сүйене отырып құрастырылған. Бағдарламада ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескеру, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру, оқу-тәрбие процесін бейімдеу және түзете-дамыту жұмысты жүзеге асыруға басымдық беріледі. Оқыту барысында педагогтердің баланың даму динамикасын бақылау, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және инклюзивті ортада тиімді педагогикалық шешімдер қабылдау қабілеттерін дамыту көзделеді.</p> <p>Оқыту тыңдаушыларды оқу үдерісіне белсенді тартуға, өз педагогикалық практикасын талдауға және қайта пайымдауға, сондай-ақ алынған білімдер мен дағдыларды нақты инклюзивті оқу-тәрбие жағдайында, психологиялық-педагогикалық қолдау,</p>
---------------------------	---

	<p>бейімделген оқыту және түзете-дамыту қызметінде қолдануға бағытталған.</p> <p>Ерекше назар практикаға бағдарланған тапсырмаларды орындауға, оқу ортасын бейімдеуге, визуалды қолдауды қолдануға, дидактикалық және цифрлық білім беру ресурстарын оқытуды саралау, жекешелендіру және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау құралдары ретінде тиімді пайдалануға аударылады.</p> <p>Оқыту әдістері</p> <p>Бағдарламаны іске асыру барысында келесі оқыту әдістері қолданылады:</p> <p>интерактивті дәрістер мен вебинарлар;  практикалық семинарлар мен әдістемелік практикумдар;  тренингтер мен мастер-кластар;  топтық талқылаулар және педагогикалық кейстерді талдау;  практикаға бағдарланған тапсырмалар;  жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеу және талдау;  психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарымен жұмыс;  инклюзивті оқу-тәрбие процесін бейімдеуге арналған практикалық тапсырмалар.</p>
Теориялық материал	<p>Бағдарламаның теориялық бөлігі мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде инклюзивті білім берудің заманауи бағыттары, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін бейімдеудің педагогикалық және әдістемелік негіздері туралы жүйелі түсінік қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Теориялық материал педагогтердің инклюзивті ортада кәсіби қызметті саналы түрде ұйымдастыруына, баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық шешім қабылдауына және психологиялық-педагогикалық қолдауды тиімді</p>

жүзеге асыруына әдіснамалық негіз қалыптастырады.

Теориялық материал дәрістер, вебинарлар, презентациялар, бейнематериалдар және әдістемелік нұсқаулықтар форматында ұсынылады және цифрлық білім беру ортасында өзіндік оқуға қолжетімді.

Модульдер бойынша теориялық материал 1-модуль. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің заманауи бағдарлары Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің мемлекеттік және білім беру басымдықтары.

Инклюзивті білім берудің заманауи мақсаттары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауда педагогтің кәсіби рөлі мен жауапкершілігі.

2-модуль. Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері

Мектеп жасына дейінгі балалардың типтік даму ерекшеліктері.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуындағы айырмашылықтар.

Танымдық, сөйлеу, моторлық және әлеуметтік-эмоциялық дамудың ерекшеліктері.

Типтік даму мен ерекше дамуды салыстырмалы талдау.

3-модуль. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мәні, құрылымы және негізгі бағыттары.

ППҚҚ аясында педагогикалық бағалау және мониторинг жүргізудің теориялық негіздері.

Жеке даму бағдарламаларын әзірлеудің педагогикалық қағидағтары.

Командалық өзара әрекет және ата-аналармен жұмыс негіздері.

4-модуль. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті оқу-тәрбие процесін бейімдеу

	<p>Инклюзивті оқу-тәрбие процесінің теориялық негіздері.</p> <p>Ұйымдастырылған оқу қызметін бейімдеу және саралау қағидаттары.</p> <p>Ойын, режимдік сәттер және күнделікті іс-әрекеттерді инклюзивті ортаға бейімдеу.</p> <p>Оқу ортасын, дидактикалық және визуалды материалдарды бейімдеу.</p> <p>5-модуль. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмыстың теориялық негіздері</p> <p>Түзете-дамыту жұмыстың мақсаттары мен негізгі бағыттары.</p> <p>Сөйлеу, сенсорлық, моторлық және әлеуметтік-эмоциялық дамуды қолдаудың теориялық аспектілері.</p> <p>Ойын технологияларын түзете-дамыту жұмыста қолданудың педагогикалық негіздері.</p> <p>Түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін бағалау қағидаттары.</p> <p>6-модуль. Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы</p> <p>Инклюзивті ортада педагогтің кәсіби рөлі.</p> <p>Педагогикалық рефлексия және кәсіби қызметті өзін-өзі бағалау.</p> <p>Әдістемелік сүйемелдеу және тәлімгерлік.</p> <p>Педагогтің кәсіби дамуының жеке траекториясын жоспарлау.</p>
<p>Оқу материалын меңгеруге арналған тапсырмалар</p>	<p>Практикалық тапсырмалар теориялық білімдерді бекітуге және мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беруді, психологиялық-педагогикалық қолдауды, оқу-тәрбие процесін бейімдеуді және түзете-дамыту жұмысты жүзеге асыруға қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Тыңдаушылар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін бейімдеуге, жеке даму бағдарламаларын әзірлеуге, педагогикалық қолдау тәсілдерін таңдауға және</p>

практикада апробациялауға арналған тапсырмаларды орындайды.

Практикалық тапсырмалар педагогтердің өз кәсіби тәжірибесін талдауына, педагогикалық шешімдерді саналы қабылдауына және алынған білімдер мен дағдыларды нақты инклюзивті ортада қолдануына бағытталған.

Модульдер бойынша практикалық тапсырмалар

1-модуль

Инклюзивті білім берудің заманауи қағидаттары тұрғысынан өзінің педагогикалық практикасын талдау.

Мектепке дейінгі ұйымдағы инклюзивті білім беру жағдайына қатысты аналитикалық анықтама дайындау.

2-модуль

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық бақылау жүргізу және салыстырмалы талдау жасау.

Баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық қолдау тәсілдерін анықтау.

3-модуль

Жеке даму бағдарламасының (ЖДБ) жобасын әзірлеу.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында жүргізілетін құжаттарға талдау жасау және ұсыныстар әзірлеу.

4-модуль

Инклюзивті оқу-тәрбие процесін бейімдеуге арналған жоспар (ҰОҚ, ойын, режимдік сәттер) әзірлеу.

Оқу ортасын, дидактикалық және визуалды материалдарды бейімдеу бойынша ұсыныстар дайындау.

5-модуль

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен түзете-дамыту жұмысына арналған практикалық тапсырмалар жүйесін әзірлеу.

Түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін бағалауға арналған көрсеткіштерді анықтау.

6-модуль

	Авторлық практикалық материал әзірлеу (ЖДБ, бейімделген оқу-тәрбие жоспары, түзете-дамыту жұмыс жоспары және т.б.). Кәсіби портфолио және рефлексиялық есеп дайындау.
Өзін-өзі бағалау критерийлері	Кәсіби ілгерілеуді және мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беру саласындағы құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалау үшін тыңдаушылар келесі критерийлерді қолданады: практикалық тапсырмалардың орындалу толықтығы мен сапасы, тапсырмалардың нақты педагогикалық жағдайларға сәйкестігі; әзірленген оқу-әдістемелік және цифрлық материалдардың әдістемелік негізділігі, инклюзивті ортада қолдануға жарамдылығы және практикалық құндылығы; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс барысында заманауи педагогикалық технологияларды, инклюзивті тәсілдерді және цифрлық құралдарды қолдану қабілеті; баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу-тәрбие процесін бейімдеуге, жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ) және түзете-дамыту тапсырмаларын жобалау білігі; психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында жүргізілген жұмысты талдау және бағалау, педагогикалық рефлексия деңгейі; инклюзивті білім беру саласында кәсіби дамуды саналы жоспарлау, өзінің кәсіби өсу траекториясын айқындай алу қабілеті.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

### **8.1 Бағалаудың мақсаттары мен қағидаттары**

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында оқу нәтижелерін бағалау бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейін объективті және жүйелі түрде анықтауға, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізу үшін қажетті кәсіби, әдістемелік және практикалық құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалауға бағытталған.

Бағалау педагогтердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру, оқу-тәрбие процесін бейімдеу, түзете-дамыту жұмысты жоспарлау

және жүзеге асыру саласындағы білімдері мен дағдыларының қалыптасуын айқындауға мүмкіндік береді.

Бағалау кешенді және практикаға бағдарланған сипатқа ие және тек теориялық білімді тексерумен шектелмейді, сонымен қатар тыңдаушылардың алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын нақты инклюзивті педагогикалық практикада қолдану қабілетін талдауға бағытталады.

Ерекше назар педагогтердің:

ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескеру;

психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын жоспарлау және іске асыру;

оқу-тәрбие процесін бейімдеу және саралау;

түзете-дамыту жұмыстың нәтижелерін бағалау және түзету;

заманауи педагогикалық және цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану

қабілеттерін бағалауға аударылады.

Бағалау қағидағтары:

объективтілік – бағалаудың айқын критерийлерге негізделуі;

жүйелілік – бағалаудың оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде жүргізілуі;

практикалық бағыттылық – нақты педагогикалық әрекеттерді бағалау;

дамытушылық – педагогтің кәсіби өсуін қолдауға бағытталуы;

рефлексияға негізделу – тыңдаушының өз қызметін талдауын ескеру.

<b>Ашықтық және объективтілік</b>	Оқу нәтижелерін бағалау бағдарламаның мақсаттары мен күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкес әзірленген, нақты тұжырымдалған және алдын ала тыңдаушыларға жеткізілген бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері курсқа қатысушылардың барлығы үшін бірізді және түсінікті болып табылады. Бағалау барысында қолданылатын талаптар мен көрсеткіштердің ашықтығы педагогтердің өз нәтижелерін саналы түрде бағалауына, оқу үдерісіндегі жетістіктері мен қиындықтарын түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл тәсіл бағалау нәтижелерінің объективтілігін, ашықтығын және салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.
<b>Сараланған тәсіл</b>	Оқу нәтижелерін бағалау барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жеке ерекшеліктері, олардың кәсіби тәжірибесі, инклюзивті білім беру саласындағы даярлық деңгейі және ерекше

	<p>білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізудегі тәжірибесі ескеріледі.</p> <p>Бағалау үдерісінде тыңдаушылардың жеке білім беру траекториялары, кәсіби дамудағы ілгерілеу динамикасы және практикалық тапсырмаларды орындау барысында көрсеткен жетістіктері назарға алынады. Бұл тәсіл педагогтердің мүмкіндіктерін ескеруге, олардың кәсіби өсуін қолдауға және оқыту нәтижелерін әділ бағалауға бағытталған.</p>
<p><b>Тұрақты кері байланыс</b></p>	<p>Бағалау үдерісі мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби дамуын қолдауға, оқу мақсаттарын нақтылауға және оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған жүйелі және конструктивті кері байланыспен қатар жүреді.</p> <p>Кері байланыс педагогтердің:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби әрекеттерін талдауына;</li> <li>психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру сапасын арттыруына;</li> <li>оқу-тәрбие процесін бейімдеу және түзете-дамыту жұмысын жетілдіруіне;</li> <li>педагогикалық рефлексияны дамытуына ықпал етеді.</li> </ul> <p>Тұрақты кері байланыс оқу материалының саналы меңгерілуін, практикалық дағдылардың қалыптасуын және педагогтердің кәсіби қызмет сапасының артуын қамтамасыз етеді..</p>

## 8.2 Бағалаудың негізгі әдістері мен нысандары

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында оқу нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын және кәсіби құзыреттерін меңгеру деңгейін жан-жақты бағалауды қамтамасыз ететін әдістер мен құралдардың кешенін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Бағалау педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында:

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін ескеру;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру және іске асыру;

- оқу-тәрбие процесін бейімдеу және саралау;
- түзете-дамыту жұмысты жоспарлау және жүргізу;
- педагогикалық және цифрлық білім беру құралдарын тиімді қолдану қабілеттерін анықтауға бағытталған.

Бағалау барысында келесі негізгі әдістер мен нысандар қолданылады:

ағымдық бағалау – практикалық тапсырмаларды, кейстерді, жеке даму бағдарламаларының жобаларын орындау нәтижелерін талдау арқылы жүзеге асырылады;

практикалық жұмыстарды бағалау – оқу-тәрбие процесін бейімдеу, түзете-дамыту тапсырмаларын әзірлеу, психологиялық-педагогикалық қолдау құжаттарымен жұмыс сапасын бағалау;

портфолио – тыңдаушының курс барысында әзірлеген оқу-әдістемелік материалдарын, жеке даму бағдарламаларын, практикалық тапсырмаларын жинақтау және талдау;

рефлексиялық жұмыстар – педагогтің өз кәсіби қызметін талдауы, оқу барысында қалыптасқан құзыреттерді бағалауы;

қорытынды бағалау – курс соңында ұсынылатын практикалық жоба, қорытынды тапсырма немесе тестілеу нәтижелері арқылы жүзеге асырылады.

Бағалаудың аталған әдістері мен нысандары тыңдаушылардың инклюзивті білім беру саласындағы нақты кәсіби әрекеттерін, педагогикалық шешім қабылдау қабілетін және кәсіби дамуға дайындығын айқындауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы бағалау:	Теориялық материалды меңгеруге арналған тапсырмалар	Ағымдағы бақылау аясында тыңдаушылар бағдарламаның негізгі теориялық қағидаларын түсіну деңгейін анықтауға бағытталған тесттік, аналитикалық және жазбаша тапсырмаларды орындайды. Бұл тапсырмалар төмендегі мазмұнды қамтиды: мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің заманауи қағидағтары мен мақсаттары; ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін ескеру тәсілдері; психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері; оқу-тәрбие процесін бейімдеу және саралау қағидағтары; түзете-дамыту жұмыстың теориялық негіздері;
-------------------	---	--

		<p>инклюзивті білім беру жағдайында цифрлық және дидактикалық ресурстарды қолдану мүмкіндіктері.</p> <p>Аталған тапсырмаларды орындау тыңдаушылардың теориялық материалды саналы түсіну деңгейін, оны кәсіби қызметінде қолдануға дайындығын бағалауға мүмкіндік береді.</p>
	<p>Практикалық тапсырмалар</p>	<p>Практикалық тапсырмалар мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби біліктерін қалыптастыруға және бағалауға бағытталған және төмендегілерді қамтиды:</p> <p>ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық қолдау тапсырмаларын әзірлеу; жеке даму бағдарламаларының (ЖДБ) элементтерін жобалау; инклюзивті оқу-тәрбие процесінің фрагменттерін (ҰОҚ, ойын, режимдік сәттер) бейімдеп жоспарлау; түзете-дамыту жұмысына арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін құрастыру; оқу ортасын, визуалды және дидактикалық материалдарды бейімдеу; баланың даму динамикасын талдау және анықталған қиындықтарға сәйкес педагогикалық шешімдерді ұсыну.</p> <p>Практикалық тапсырмаларды орындау тыңдаушылардың әдістемелік, аналитикалық, ұйымдастырушылық және</p>

		шығармашылық қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.
	Топтық және жеке тапсырмалар:	Ағымдағы бағалау жеке және топтық нысандарда жүзеге асырылады және төмендегілерді айқындауға бағытталған: командалық жұмысқа және кәсіби өзара іс-қимылға қабілеттілік; педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдау шешімдерін бірлесіп әзірлеу және талқылау білігі; жобалық қызметтегі дербестік, жауапкершілік және рефлексия деңгейі. Мұндай тапсырмалардың үлгілеріне: инклюзивті білім беру бойынша әдістемелік шағын жобаларды әзірлеу; оқу-тәрбие процесін бейімдеуге арналған тапсырмалар жүйесін бірлесіп жобалау; инклюзивті топтағы педагогикалық жағдаяттарды талдау жатады.
Шығармашылық және жобалық жұмыстарды бағалау критерийлері:	Жобаны әзірлеу үдерісін бағалау	жобаны жоспарлаудың негізділігі және мақсаттарының инклюзивті білім беру талаптарына сәйкестігі; ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып әдістемелік тәсілдерді дұрыс таңдауы; жобаны іске асыру кезеңдерінің логикалылығы мен бірізділігі (жоспарлау – іске асыру – бағалау – түзету).
	Шығармашылық және инновациялық сипаты	ұсынылған педагогикалық шешімдердің бірегейлігі және шығармашылық деңгейі;

		<p>әзірленген материалдардың мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие процесінің мақсаттарына сәйкестігі; жобаның ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық, сөйлеу, әлеуметтік-эмоциялық және моторлық дамуын қолдауға бағытталуы; инклюзивті ортада қолдануға жарамдылығы.</p>
	<p>Цифрлық технологиялар мен мультимедиялық ресурстарды пайдалану</p>	<p>цифрлық және визуалды құралдарды қолданудың мақсатқа сайлығы; визуализацияның, көрнекіліктің және интерактивті элементтердің сапасы; таңдалған цифрлық, дидактикалық және мультимедиялық құралдардың әдістемелік негізділігі; цифрлық ресурстарды ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мақсатында қолдану тиімділігі.</p>
	<p>Жұмыс нәтижесі</p>	<p>әзірленген өнімнің (жеке даму бағдарламасы, бейімделген оқу-тәрбие жоспары, түзете-дамыту жұмыс материалы, әдістемелік құрал және т.б.) аяқталғандығы және практикалық қолданбалылығы; ұсынылған нәтижелердің мектепке дейінгі ұйым жағдайында нақты қолдануға жарамдылығы; нәтижелерді ұсыну сапасы (презентация, түсіндірме жазба, жобаны қорғау, рефлексия).</p>
<p>Қорытынды аттестаттау нысаны:</p>	<p>Жобалық жұмыс</p>	<p>Қорытынды аттестаттау жобалық жұмысты қорғау нысанында өткізіледі. Жобалық</p>

		<p>жұмыс мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік немесе практикалық өнімді әзірлеуді көздейді.</p> <p>Жобалық жұмыс тақырыптары төмендегі бағыттарды қамтуы мүмкін:</p> <p>ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып оқу-тәрбие процесін бейімдеуге арналған тапсырмалар жүйесін әзірлеу;</p> <p>инклюзивті топта ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) немесе ойын, режимдік сәттерді қамтитын бейімделген сабақ үлгісін немесе сабақтар циклын құрастыру;</p> <p>психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында жеке даму бағдарламасын (ЖДБ) немесе оның бөлігін әзірлеу;</p> <p>ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмысқа бағытталған түзете-дамыту немесе практикалық шағын жоба дайындау;</p> <p>нақты педагогикалық міндетті шешуге бағытталған инклюзивті педагогикалық жағдайды талдау және шешу жолдарын ұсыну.</p> <p>Жобалық жұмыс комиссия алдында қорғау форматында ұсынылады. Қорғау барысында тыңдаушы орындалған жұмыстың мазмұнын, нәтижелерін және таңдалған педагогикалық, әдістемелік шешімдердің негіздемесін ұсынады.</p>
--	--	---

	Нәтижені таныстыру	<p>Тыңдаушылар қорытынды жобаның презентациясын ұсынады, онда: қолданылған педагогикалық тәсілдер мен инклюзивті әдістердің таңдауы негізделеді; психологиялық-педагогикалық қолдау құралдары мен бейімдеу тәсілдері сипатталады; әзірленген материалдың мектепке дейінгі ұйым жағдайында практикада қолдану мүмкіндіктері көрсетіледі; жобаның ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдаудағы практикалық құндылығы айқындалады.</p> <p>Қорытынды жобаны қорғау педагогтің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін, педагогикалық рефлексиясын және практикалық шешім қабылдау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.</p>
Қатысушылардың өзін-өзі бағалауы		<p>Оқу барысында тыңдаушылар сауалнамалар, рефлексиялық тапсырмалар және өзіндік талдау құралдарын қолдана отырып, инклюзивті білім беру саласындағы өздерінің кәсіби ілгерілеуін жүйелі түрде өзін-өзі бағалайды. Өзін-өзі бағалау үдерісі педагогтердің кәсіби дамуын саналы түрде жоспарлауына және оқу барысында алынған білімдер мен дағдыларды практикада қолдану деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.</p> <p>Өзін-өзі бағалау келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:</p>

		<p>инклюзивті білім беру жағдайында өз педагогикалық практикасына енгізілген өзгерістерді пайымдау; ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізу барысында кәсіби құзыреттердің қалыптасу деңгейін айқындау; психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін жетілдіруге бағытталған одан әрі кәсіби дамудың басым бағыттарын анықтау.</p>
	<p>Сыни ойлауды қалыптастыру</p>	<p>Бағдарлама аясында тыңдаушылардың кәсіби сыни ойлауын дамыту мақсатында пікірталастар, педагогикалық жағдаяттарды талдау, инклюзивті практикадағы типтік қиындықтар мен қателерді қарастыру, сондай-ақ ұсынылған педагогикалық шешімдерді ұжымдық түрде пайымдау көзделеді.</p> <p>Бұл жұмыс түрлері педагогтерде: өз кәсіби қызметін сыни тұрғыдан бағалау; инклюзивті ортада туындайтын педагогикалық және психологиялық-педагогикалық проблемаларды талдау; ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауға бағытталған тиімді және негізделген шешімдерді анықтау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.</p> <p>Сыни ойлауды қалыптастыру педагогтердің кәсіби рефлексиясын тереңдетуге, тәжірибелік білімін жүйелеуге</p>

		және инклюзивті білім беру сапасын арттыруға бағытталған.
--	--	---

### 8.3 Бағалау критерийлері

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы аясында тапсырмаларды әзірлеу және орындау бойынша бағалау критерийлері тыңдаушылардың теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын және инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттерін меңгеру деңгейін айқындауға бағытталған.

Бағалау бағдарламаның кешенді сипатын ескере отырып жүзеге асырылады және педагогтердің алған білімдері мен дағдыларын нақты инклюзивті педагогикалық практикада, психологиялық-педагогикалық қолдау және оқу-тәрбие процесін бейімдеу жағдайында қолдану қабілетін талдауға бағдарланады.

Теориялық материалды білу деңгейі:	Бағаланады: мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті білім берудің заманауи мақсаттары мен негізгі қағидағтарын түсінуі; ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктері туралы теориялық білімді меңгеруі; психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздерін білуі; оқу-тәрбие процесін бейімдеу, саралау және жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеу қағидағтарын түсінуі; түзете-дамыту жұмыстың негізгі бағыттары мен әдістерін білуі; инклюзивті білім беру жағдайында қолданылатын педагогикалық және цифрлық ресурстардың мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуі; баланың даму динамикасын бағалау мен мониторинг жүргізудің әдістемелік негіздерін білуі.қойылатын әдістемелік талаптарды білуі.
Практикалық дағдылар:	Бағаланады: ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс барысында заманауи педагогикалық және инклюзивті технологияларды қолдану білігі;

	<p>оқу-тәрбие процесін (ұйымдастырылған оқу қызметі, ойын, режимдік сәттер) баланың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеп жоспарлау және іске асыру қабілеті; жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ), түзете-дамыту жоспарларын әзірлеу дағдылары; психологиялық-педагогикалық қолдау құжаттарымен жұмыс жүргізу білігі; оқу ортасын, дидактикалық және визуалды материалдарды бейімдеу қабілеті; баланың даму нәтижелерін талдау және анықталған қиындықтарға сәйкес педагогикалық шешімдер ұсыну білігі; инклюзивті топ жағдайында оқытуды саралау және жекешелендіру элементтерін қолдану.</p> <p>Сондай-ақ бағаланады: әзірленген материалдардың әдістемелік негізділігі; тапсырмалар мен жоспарлар құрылымының логикалылығы және бірізділігі; әдістемелік және практикалық өнімдердің нақты қолданбалылығы; педагогикалық және цифрлық құралдарды қолданудың мақсатқа сайлығы; жобалық жұмыстың тұтастығы, аяқталғандығы және пысықталу деңгейі; әзірленген материалдардың ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау міндеттеріне сәйкестігі.</p>
<p>Шығармашылық және инновациялық қызмет:</p>	<p>Бағаланады: педагогтің бастамашылдығы және инклюзивті ортаға сәйкес тиімді әдістемелік шешімдерді іздеу қабілеті; түзете-дамыту және оқу-тәрбие материалдарын әзірлеудегі шығармашылық көзқарас; ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық, сөйлеу, әлеуметтік-эмоциялық дамуын қолдауға бағытталған заманауи және стандартты емес тәсілдерді қолдану;</p>

	дәстүрлі педагогикалық әдістерді инклюзивті және цифрлық технологиялармен ұштастыра білуі.
Дербестік және жауапкершілік:	Бағаланады: оқу және жобалық тапсырмаларды орындау кезіндегі дербестік деңгейі; өзінің кәсіби қызметін жоспарлау және ұйымдастыру қабілеті; тапсырмаларды орындаудың белгіленген мерзімдерін сақтау; өзіренген әдістемелік, практикалық және цифрлық материалдардың сапасына жауапкершілікпен қарауы; педагогикалық рефлексияға, өзін-өзі бағалауға және кәсіби қызмет нәтижелерін саналы түрде пайымдауға қабілеттілігі.

#### 8.4 Бағалау құралдары

Тестілеу және сауалнамалар:	Теориялық білімді тексеруге арналған тесттер, бұл оқытушыларға оқу материалының меңгерілуін жедел бақылауға мүмкіндік береді; Тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бағдарламаны бейімдеуге көмектесетін кері байланыс сауалнамалары.
Портфолио:	Барлық орындалған тапсырмаларды, жобаларды және есептерді қамтитын портфолио жүргізу. Бұл тыңдаушының ілгерілеуі мен жұмыс нәтижелерін жүйелі түрде тіркеуге мүмкіндік береді.
Презентациялар және жобаларды қорғау:	қорытынды жобаны оқытушылар комиссиясының алдында қорғау, мұнда жұмыстың нәтижесімен қатар оны орындау үдерісі де бағаланады.
Онлайн-бағалау:	Аралық және қорытынды тесттерді тапсыру, онлайн-емтихандар өткізу және жедел кері байланыс алу үшін онлайн-платформаларды пайдалану.

#### 8.5 Оқу нәтижелерін бағалау және құзыреттер деңгейі

Қорытынды бағалау пайыздық шкалаға негізделеді, мұнда әрбір құрамдас бөлік (теориялық білімдер, практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар) жалпы бағалауда белгілі бір үлес салмаққа ие болады. Ұсынылатын шкала:

—90–100% — Өте жақсы (барлық талаптарға толық сәйкес келеді, шығармашылық және техникалық дағдылардың жоғары деңгейі көрсетілген).

—70–89% — Жақсы (негізгі талаптарға сәйкес келеді, алайда жұмыстың жекелеген аспектілерін жетілдіру қажет).

—50–69% — Қанағаттанарлық (тапсырмаларды орындау сапасын арттыру үшін қосымша жұмыс қажет).

—50%-дан төмен — Қанағаттанарлықсыз (бағдарлама талаптары жеткіліксіз деңгейде орындалған, қайта даярлау қажеттілігі бар).

## 9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу біліктілікті арттырудың тиімді бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алынған білімдер мен дағдылардың тұрақтылығын және практикада іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және курс барысында меңгерілген нәтижелерді нақты педагогикалық практикаға енгізуге бағдарланған.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің негізгі элементтері:

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаттары:			
жаңа білімдер мен құралдарды іске асыруда әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету;	кәсіби қарым-қатынасты және тәжірибе алмасуды жалғастыру үшін жағдай жасау;	консультация беру, супервизия жүргізу және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	педагогтің кәсіби практикасына өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.
Курстан кейінгі сүйемелдеудің форматтары:			
Жеке әдістемелік консультация беру:	онлайн-байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары); тыңдаушының педагогикалық әзірлемелерін енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар беру.		
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар:	курс аяқталғаннан кейін 1–2 ай өткен соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу; тыңдаушылар ұсынған табысты енгізу		

	кейстерін талдау; практикада білімді қолдану барысында туындаған күрделі сұрақтарға жауап беру.
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:	кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа қолжетімділік (Telegram, WhatsApp, Google топтары); үлгілермен, құжаттармен, сұраныстармен және шешімдермен алмасу; көлденең тәлімгерлікті (peer-to-peer қолдау) ынталандыру.
Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	курс оқу материалдарына тұрақты қолжетімділік; нормативтік базаны, үлгілерді және нұсқаулықтарды жүйелі түрде жаңарту; жаңа әдебиеттерге, жарияланымдарға және іс-шараларға ұсынымдар беру.
Қорытынды енгізуге ерікті супервизия:	жеке бағдарламаларды диагностикалау және рефлексиялау үдерісіне ерікті түрде қатысуға шақыру; жеке білім беру маршруттарын енгізуді сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен бірлесіп педагогикалық әсерлерді талдау.
Сүйемелдеу әдістері:	
жеке сұраныстарға жауап беру;	практиканы және алынған нәтижелерді талдау;
сауалнамалар, күнделіктер және талқылаулар;	кейстерді топтық түрде шешу, материалдарды бірлесіп жетілдіру.
Ұзақтығы мен форматы:	курстар аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан форматта, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруымен.
Курстан кейінгі сүйемелдеудің нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін іске асырудағы сенімділігінің артуы;
	жеке білім беру бағдарламалары (ЖББ) шеңберінде құжаттаманың дұрыс нысандарын практикаға белсенді енгізу;
	кәсіби қауымдастыққа тартылу деңгейінің және әдістемелік белсенділіктің өсуі;

рефлексияның қалыптасуы, бастамалардың пайда болуы және әрі қарай оқуға дайындықтың артуы.
--

#### 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

##### 1. Заңдар және нормативтік-құқықтық актілер

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

3. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарының тиісті түрлері мен типтері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

4. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің курстан кейінгі қызметін сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013395>

5. Білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіби стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G25HP000031>

6. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы № 92 бұйрығы

7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты <https://www.edu.gov.kz>

##### Негізгі әдебиеттер

9. Сүлейменова Б.Ж. Инклюзивті білім беру негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.

10. Д.С. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен педагогикалық жұмыс. – Алматы: Атамұра, 2021.

11. Нұртазина А.С. Мектепке дейінгі ұйымдардағы психологиялық-педагогикалық қолдау. – Алматы: Білім, 2023.

12. Сағындықова А.К. Мектепке дейінгі жастағы балалардың даму психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

13. Жолдасбекова С.Т. Ерте жастағы балаларды түзете-дамыту жұмысының негіздері. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.

14. Қожахметова К.А. Инклюзивті ортада оқу-тәрбие процесін бейімдеу. – Алматы: Рауан, 2022.

15. Ибраева Л.К. Мектепке дейінгі ұйымдағы жеке даму бағдарламасын әзірлеу әдістемесі. – Алматы: Білім, 2023.

16. Тлеубаева Г.М. Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің кәсіби құзыреттері. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.

17. А.К. Қалыптастырушы бағалау және даму мониторингі (МДҰ). – Алматы: Білім-инновация, 2023.

18. Оразбаева М.С. Баланың даму динамикасын бағалау және педагогикалық қолдау. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ, 2021.

#### Қосымша әдебиеттер

19. UNESCO. Inclusive Education: A Global Perspective. – Paris: UNESCO, 2020.

20. OECD. Inclusive Education and Early Childhood Development. – Paris: OECD Publishing, 2022.

21. World Health Organization. Early Childhood Development and Disability. – Geneva: WHO, 2021.

22. Booth T., Ainscow M. Index for Inclusion. – Bristol: CSIE, 2020.

23. Shonkoff J., Phillips D. From Neurons to Neighborhoods: Early Childhood Development. – Washington: National Academies Press, 2020.